DEUTSCHES ARCHÄOLOGISCHES INSTITUT
EURASIEN-ABTEILUNG

PD Dr. Nikolaus Boroffka
Im Dol 2-6, Haus II
D-14195 Berlin

Boroffka, DAI, Im Dol 2-6, D-14195 Berlin

Tel.: ++49 (0)30-18 77 11-317
Fax: ++49 (0)30-18 77 11-313
e-mail:
nikolaus.boroffka@eurasien.dainst.de
e-mail:
nboroffka@t-online.de

# Review
# of the foreign scientific consultant on R. S. Zhumatayev`s dissertation on the theme «The Horse in the customs and rituals of the ancient and medieval population of Kazakhstan (Genetic and cultural aspect)», presented on competition of the PhD academic degree in the specialty «6D020800- Archeology and Ethnology»

The dissertation of R. S. Zhumatayev is devoted to the complex analysis of the available data on the role of the horse in the customs and rituals of the ancient and medieval population of Kazakhstan.

The horse was domesticated in the Eneolithic period, and already during the subsequent time the process of increase of its potential in the economic system of life of the peoples of the Eurasian steppe became one of the key objects of cult. This is confirmed by a complex of different sources. For example, on the one hand the image of the horse is intensively developed in multidimensional art, while on the other hand the horse was placed in graves together with the dead. Accompanying burials of horses or their parts and equipment, as well as images on rocks are known in different regions, at considerable distances from each other geographically, so that the majority of researches were based on materials of one monument.

The considerable quantity of material from excavations of the last decades and research on theoretical interpretation of this problem is presented. Still there is no complete overview about the features of the funeral ceremonies connected with the burial of horses and the image of the horse in graphic art of the nomads living in the steppes of certain regions. Therefore it was important to analyze, in uniform parameters, the structure of funeral monuments with burials of horses and the iconography of petroglyphic complexes with images of horses, considering them as separate transcultural phenomena, and at the same time not losing sight of the fact that they are part of the regional archaeological cultures. From this point of view the dissertation presented for obtaining of an academic degree, certainly, is actual.

Accurately defined purposes and tasks, methodology, scientific novelty of the dissertation don't cause objections. The chronological framework of research is defined quite reasonably. The subject chosen by R. S. Zhumatayev is discussed in the dissertation work consistently and

logically structured in different directions. The importance of the horse in economy and the gradual emergence of ideological representations in the early periods are considered based on the materials of Botay-Tersek monuments. The role of the horse in the public consciousness of the populations of the Bronze Age is profoundly studied based on the funeral monuments of Central, Northern and Western Kazakhstan. Besides this, the petroglyphic complexes of Terekti Auliye, Sauskandyk, Kurchum and others with stylistic features of horse images in multifigured composition are taken into account.

The period of the early Iron Age in the territory of Kazakhstan and adjacent regions is marked by various horse-breeding tribes. During this era the role of the horse increases in life of these peoples even more. Since the first millennium B.C. in the steppes, semi-deserts and mountainous areas of Kazakhstan the semi-nomadic and nomadic cattle breeding became the basic, and then and the dominating economic factor. Nomadic cattle-farmers did not represent terrestrial life now, impossible without the horse, but also "otherworldly" ideas. Since then the horse became an important attribute of funerals and funerary ceremonialism of the tribes living on the territory of Kazakhstan. In the dissertation this aspect is confirmed with the analysis of materials from the burial grounds Berel, Kulazhorga and Tasmola. Ideas of appointment and the horses role in the other world, as well as in the art of the ancient Turks are presented by the careful scientific and critical review of materials from the Karakab's monuments, Bayanzhurek and others. Thus, the value of the horse in customs and ceremonies of the population of Kazakhstan is considered through a chronological prism in the context of continuity.

When writing the dissertation the wide range of historiographic works of Kazakh and foreign researchers, and also the huge amount of archaeological and ethnographic materials was used. The thesis contains a number of theoretical ideas, for which there is enough accurate reason that they will help to deepen our understanding of the specified subject. During the work on this subject the author of the dissertation proved to be a conscientious, thoughtful and mature researcher capable logically to define and formulate his opinion, based on the necessary general scientific methods of research, possessing the necessary analytical skills for the use of the considerable quantity of field archaeological and ethnographic materials, and deeply to comprehend and analyze the results.

All this allowed the candidate to present the original dissertation devoted to the role of the horse in the ancient and medieval population on the scale of the entire republic which in domestic archeology is one of the first executed studies integrating archeology and ethnography.

Summarizing all the above I consider that scientific work of R. S. Zhumatayev conforms to the requirements imposed for dissertation works and this work can be recommended for defense for candidacy of the academic degree of the doctor of philosophy in the specialty "6D020800 of Archeology and Ethnology".

PD Dr. N. Boroffka

PD Dr. Nikolaus Boroffka

Deutsches Archäologisches Institut
– Eurasien-Abteilung –
Im Dol 2-6, 14195 Berlin

**ГЕРМАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**
**ЕУРАЗИЯ БӨЛІМІ**

Бороффка, ГАИ, Им Дол 2-6,
Д-14195 Берлин

доктор Николаус Бороффка
Им Дол 2-6, II үй
Д-14195 Берлин

Тел.:++49 (0) 1888 77 11-317
Факс: ++49 (0) 1888 77 11-313
e-mail: nib@eurasien.dainst.de
e-mail: nboroffka@t-online.de

**"Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)" атты тақырыбымен «6D020800- Археология және этнология» мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін алуға ұсынған Р.С. Жуматаевтың диссертациялық жұмысына шет елдік кеңесшісінің**

**Пікірі**

Р.С. Жуматаевтың диссертациялық жұмысы Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының әдет-ғұрыптарындағы жылқының рөлі мәселесі бойынша қолдағы бар мәліметтерді кешенді талдауға арналған.

Энеолитте қолға үйретілген жылқы, Еуразия дала халықтатарының шаруашылық өмірі жүйесіндегі әлеуетінің артуына қарай, кейінгі дәуірлерде негізгі табыну нысанына айналады. Мәселен, бір жағынан жылқы бейнесі көпқырлы бейнелеу әрекетінде қарастырылса, екінші жағынан жылқы өлікпен бірге көмілетін жерлеу жануарына айналады. Жылқыны немесе оның бөліктері мен әбзелдерін қосып көму, сонымен бірге оның жартас бетіндегі суреттері жағрафиялық жағынан бір-бірінен алшақ жатқан түрлі аймақтарда белгілі, сондықтан да зерттеулердің басым бөлігі бір ескерткішпен шектелді.

Қазіргі уақытқа дейін соңғы он жылдықтардағы қазбалардан және аталған мәселе бойынша жүргізілген зерттеулерден айтарлықтай көлемдегі материал жинақталды. Әзірге жекелеген аймақтарда өмір сүрген тайпалардың жылқыны жерлеумен байланысты жерлеу ғұрпындағы ерекшеліктерге және бейнелеу іс-әрекетіндегі жылқы бейнесіне қатысты бір де бір шолу жұмысы жоқ. Сондықтан да жылқы жерлеу бар жерлеу ескерткіштерінің құрылысын және жылқы бейнесі бар жартас өнері кешендерінің иконографиясын бір өлшем бойынша талдау, оның барысында оларды жеке трансмәдени құбылыс ретінде қарастыра отырып, сонымен бірге, олардың, өздерінің аймақтарындағы археологиялық мәдениеттердің бөлшегі болып табылатындығын назардан тыс қалдырмау маңызды болды.

Диссертациялық жұмыстың анықталған мақсаты мен міндеттері, әдістемесі, ғылыми жаңалығы қарсылық тудырмайды. Зерттеудің уақытнамалық шеңбері жеткілікті дәрежеде негізделген. Р.С. Жуматаевтың таңдаған тақырыбы диссертацияда бағыттар бойынша дәйекті әрі қисынды құрастырылған. Жылқының шаруашылықтағы маңызы және ерте кезеңдердегі идеологиялық түініктердің біртіндеп қалыптасуы Ботай-Терсек ескерткіштерінің материалдары бойынша қарастырылған. Қола дәуірі тұрғындарының

қоғамдық санасындағы жылқының рөлі Орталық, Солтүстік және Батыс Қазақстанның жерлеу ескерткіштері бойынша терең зерттелген. Сонымен бірге Теректі Әулие, Саусқандық, Күршім және тағы басқа петроглиф кешендерінің материалдары негізінде көпбейнелі композициядағы жылқы кескінінің стилистикалық ерекшеліктері көрсетілген.

Қазақстан территориясындағы және іргелес өңірлердегі ерте темір дәуірі кезеңі жылқышы тайпалардың уақытымен анықталады. Бұл дәуірде тайпалардың өміріндегі жылқының орны одан да арта түседі. Өйткені, б.з.д. І мыңжылдықтан бастап Қазақстанның далалық, жартылай шөлейтті және таулы аудандарында жартылай көшпелі және көшпелі бақташылық негізгі болады, осыдан кейін шаруашылықтағы басым әрекетке айналады. Осыдан бастап көшпелі-бақташылар жердегі өмірді ғана емес, о дүниелік тіршілікті де жылқысыз елесте алмады.

Осы кезден бастап жылқы Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалардың жерлеу және еске алу ғұрпының атрибутына айналады. Диссертациядағы бұл бөлім Берел, Құлажорға және Тасмола қорымдарының материалдарын талдау арқылы ашып көрсетілген. Ежелгі түріктердің о дүниедегі және өнердегі жылқының міндеті мен рөліне қатысты түсініктер Қарақаба, Баянжүрек және тағыда басқа ескерткіштердің материалдарын сыни және ғылыми түрде тыңғылықты шолу арқылы ұсынылған. Осылайша, Қазақстан тұрғындарының әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызы хронологиялық әсермен сабақтастық мәнмәтінінде қарастырылған.

Диссертацияны жазу барысында қазақстандық және шет елдік зерттеушілердің тарихнамалық жұмыстарының кең ауқымы, сонымен қатар археологиялық және этнографиялық материалдардың үлкен ауқымы қолданылған. Диссертацияда жоғарыда аталған тақырып бойынша біздің түсінігімізді тереңдетуге көмектесетін жеткілікті деңгейде айғақталған теориялық ұстанымдардың қатары бар. Осы тақырып бойынша жұмыс барысында диссертант өзін, алынған нәтижелерді терең ұғынтын әрі талдай алатын, далалық археологиялық және этнографиялық материалды қолдану барысында қажетті аналитикалық дағдыларға ие, зерттеудің керек ететін жалпы ғылыми әдістеріне сүйене білетін, өзінің пікірлерін логикалық тұрғыдан анықтайтын және тұжырымдайтын адал, терең ойлы және қалыптасқан зерттеуші ретінде көрсете білді.

Осының бәрі ізденушіге бүкіл республика шеңберінде ежелгі және ортағасырлық халықтардағы жылқының рөліне арналған соны диссертациялық жұмыс ұсынуға мүмкіндік берді. Бұл жұмыс археология мен этнографияның түйіскен торабында орындалған алғашқы еңбек болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, Р.С. Жуматаевтың ғылыми жұмысы диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және аталған жұмысты «6D020800 - Археология және этнология» мамандығы бойынша "философия докторы" ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп санаймын.

Доктор Николаус Бороффка
қолы, мөр

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

Құжаттың ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармa-мәтіні менімен, аудармашы Таргапбаева Гаухар Жолдасовнамен жасалған, ЖСН 691126401857.

Аудармашының аты-жөні ____________

Қолтаңба ____________

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы. Оныншы маусым екі мың он тоғызыншы жыл. Мен, Кожахметов Нурлан Киргизбаевич, 21.11.2011 жылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен берілген №11002952 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет етуші, Алматы қаласының нотариусы, маған танымал аудармашы Таргапбаева Гаухар Жолдасовнаның қолтаңбасының шынайылығын куәландырамын.

Тізілімде тіркелген: 1523

Төленген сома: 1339 теңге

Нотариустың қолтаңбасы ____________